

«БЕКІТЕМІН»

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинет» КММ
басшының міндеттіліктаруны


R. Капсемет
« 10 2021 ж.

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Арқалық қаласының психологиялық-педагогикалық түзеу кабинет»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты**

1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес өзірленді, Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы курсес және консультативтік сипатта болады.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзірлеуші Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының ППТК» КММ болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың жекелеген саласы үшін ұсынымдар жүйесін күргуга бағытталған.
4. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды өзірлеудің талаптары:**
 - 1) қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін тұлғаларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты мінез-құлықты қалыптастыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлық көріністерін уакытылы анықтау және олардың теріс салдарының алдын алу.
5. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың принциптері:**
 - 1) заңдылық;
 - 2) транспаренттілік;
 - 3) әдептілік;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерінің сакталуы және оларды сыбайлас жемқорлық көріністерден корғау;
 - 5) мұдделер қақтығысын болдырмау болып табылады.
6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар белгіленген ережені мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлықтың көріністерін алдын алуға бағытталған қоғамдық қатынастардың жеке саласында жұмыс істейтін тұлғалардың іс әрекетін және шішімдерін анықтайды.
7. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар негізінде лауазымдық міндеттерді орындау бойынша тікелей іс-әрекеттер сыбайлас жемқорлық көріністерін болдырмау көз карасы:**
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мұдделерін іске асыру;
 - 2) өз құзыреті шенберінде басқарушылық және өзге шешімдерді даярлау және қабылдау;
 - 3) Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын даярлау;
 - 4) тіршілік әрекеті саласы тиісті спецификасына байланысты өзге қоғамдық маңызды қатынастар кезінде қалануы тиіс.

2. Қоғамдық қатынастардың жеке саласына жұмыс істейтін тұлғалардың мінез-құлқының (әрекеттерінің) стандарттары (ұсынымдары)

- 8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарымен қозгалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:**
- 1) Қазақстан Республикасы Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Укіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, Министр мен Жауапты хатшының бүйріктарын, сондай-ақ Министрліктің ережесін басшылықта алу;
 - 2) Қазақстан халқының бірлігі мен еліміздің ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, мемлекеттік және басқа де тілдерді, Қазақстан халқының салт-дәстүрлерін құрметтеу;
 - 3) жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болу, көпшілік макұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сактау, сыпайылық және биязылық таныту;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозгайтын қабылданған шешімнің айқындылығын қамтамасыз ету;
 - 5) өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеу, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивті сынды қолдану;
 - 6) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдар, үйымдар, мемлекеттік қызмет және басқа адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;
 - 7) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратпау;
 - 8) заң бойынша тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген қылыштар мен өзге де заң бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
 - 9) мемлекеттік органды еңбек заннамасы мен мемлекеттік қызмет туралы заннаманы орындауды қамтамасыз ету, еңбек тәртібі мен шарттарын сактауды, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты шектеулерді қамтамасыз ету.

9. Мемлекеттік қызметті және басқа да рұқсат беру қызметтерін көрсету кезінде:

- 1) тұрақты негізде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдау;
- 2) қолжетімді тұрде қызмет алушыларға мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық және шынайы ақпарат ұсыну;
- 3) қарастырылмаған құжаттарды сұратып алуға жол бермеу, мемлекеттік қызмет пен басқа да рұқсат беру функцияларын көрсету барысында әртүрлі әуре-сарсанан (салғырттықтан) аулақ болу;
- 4) сыбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылыққа итермелебе көрсету кезінде басшылыққа жеткізу;
- 5) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде үнемілік пен тиімділік танытып, мемлекеттік қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіруді қамтамасыз ету.

10. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды іске асыру кезінде мыналар ұсынылады:

- 1) мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- 2) Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін әлеуетті жеткізушілерге тен мүмкіндіктер ұсыну;
- 3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету;
- 4) сыбайлас жемқорлық белгілеріне жол бермеу;
- 5) атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Бірынгай борышкерлер тізіліміне қосылған әлеуетті жеткізуіші және (немесе) оларға тартылатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысушыға жол бермеу.

11. Өз күзыреті шенберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде:

- 1) қызметтік міндеттерді орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке бас мүддесінің туындағаны туралы, сыбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алу итермелебе туралы тікелей немесе өз басшысына жеткізу;
- 2) жеке басының мәселесін шешу барысында мемлекеттік органдардың, үйымдардың, мемлекеттік қызметшілердің және басқа да адамдардың әрекеттеріне ықпал ету үшін қызмет бабын пайдаланбау;

- 3) әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға сыйлық жасамау және мүліктік пайда немесе артықшылық пайда алу үшін қызметтік өкілеттілікті пайданала отырып қызметтік емес қызмет көрсетпеу;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға, сыйбайлас жемқорлық сипатындағы заң бұзушылықты ашуға белсенділік таныту;
- 5) сыйбайлас жемқорлық фактілері белгілі болғаны туралы, сондай-ақ қандай да бір материалдарды қарауды жылдамдатқаны үшін пайда көруге итермелегені немесе әуре-сарсанға салғаны туралы басшылыққа жедел түрде жеткізу;
- 6) орындауга алынған өкімнің занылышына күмәнданатыны туралы тікелей басшыға жазбаша хабарлауға;
- 7) егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары тұрган басшылыққа жүгінуге;
- 8) кәсіпкерлік және табыс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда ешкімге көмек көрсетуден бас тарту.

12. Нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындаған кезде:

- 1) Нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын дайындауда және талқылауда қоғамдықтың, бұкаралық ақпарат құралдарының міндетті түрде қатысуын қамтамасыз ету;
- 2) Құрылымдық бөлімшелердің нормативтік-құқықтық актілердің мониторингін ұйымдастыруды үйлестіруді және тұрақты негізде тиісті Есептерді дайындауды қамтамасыз ету;
- 3) әзірленген нормативтік құқықтық актілердің жобалары мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге жіберілгенге дейін ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында қоғамдық талқылау үшін орналастырылады;
- 4) сыйбайлас жемқорлық факторларын немесе олардың белгілерін қамтитын нормаларды нормативтік құқықтық актілерде қолданбау.

13. Қызметкерлерді/жұмысшыларды іріктеу және орналастыру бойынша кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде:

- 1) тағайындаулар бойынша материалдарды қараудың белгіленген мерзімдерін сактауға;
- 2) ұйымға жұмысқа қабылдау/жұмыс істеу кезінде лауазымды тұлғаларға жүктелетін негізгі міндеттерді, тыйым салулар мен шектеулерді түсіндіруге;
- 3) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сактауға;
- 4) мемлекеттік қызметшілердің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;
- 5) кандидаттардан еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ қызметтік/жұмысқа құжаттарды талап етпеуге;
- 6) қызметкерлерге қатысты қызметтік тергеулерді объективті және жан-жақты жүргізуге міндетті.

14. Өмір сүру саласының ерекшеліктеріне байланысты туындастырылған көлемін нақты және анық белгілеуге;

- 1) бағынысты лауазымды адамдардың міндеттері мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемін нақты және анық белгілеуге;
- 2) бағынысты лауазымды адамдар арасында жұмыс жүктемесінің біркелкі белінбеуіне жол бермеуге;
- 3) өз қызметтің нәтижелерін бағалауда, сондай-ақ көтермелегенде мен жазалау шараларын қолдануда әділдік пен объективтілік көрсетуге;
- 4) қарамағындағы қызметкерлерге қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетті қорлау, әдепсіздік, дұрыс емес мінез-кулық фактілеріне жол бермеуге;
- 5) орындауды анық мүмкін емес немесе өзінің қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ занға қайши келетін бұйрықтарды бермеуге;
- 6) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметтіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;
- 7) қарамағындағыларды құқық бұзушылық жасауға мәжбүрлемеуге;
- 8) қызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестерімен туындаған мүдделер қақтығысын шешу үшін уақтылы кешенді шаралар қабылдауға;
- 9) мүліктің сакталуын қамтамасыз етуге, мүлікті қызметтік мақсаттарда, оның ішінде көлік құралдарын ұтымды, тиімді пайдалануға.